Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 22 қараша №7119-24-00-2/14246 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Базаров Елтай Нартаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «BEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Базаров Елтай Нартаевич жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп туралы талап арызы -қанағаттандырылсын.

«BEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Базаров Елтай Нартаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Базаров Елтай Нартаевич мемлекет кірісіне 910 (төқсан он) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 22.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Баймурзина А. А., 06.01.2025

7/119-24-3-1/13611